



ТЕХНОЛОГИИ ПЕРЕВОДА И СРАВНИТЕЛЬНОЕ ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ В ЗЕРКАЛЕ НАУЧНОГО НАСЛЕДИЯ АХМЕТА БАЙТУРСЫНОВА

Сборник материалов международной
научно-практической конференции

**Технологии перевода и сравнительное
литературоведение в зеркале
научного наследия Ахмета Байтурсынова**

*Сборник материалов международной
научно-практической конференции*

**Астана
2022**

УДК 80/81

ББК 81.2

Т38

Рецензенты:

Буркова Т.А., доктор филологических наук, профессор Башкирского государственного педагогического университета им. М.Акумлы, Башкортостан, РФ

Булатбаева Г.Н., доктор педагогических наук, Национальная Академия имени Ы.Алтынсарина, г. Астана

Загатов С.Б., кандидат филологических наук, профессор Евразийского гуманитарного института, г. Астана

Научный редактор:

Биженова А.Е., доктор филологических наук, профессор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева

Редакционная коллегия:

Кенжигожина К.С., PhD, ЕНУ им. Л.Н. Гумилева

Анафинова М.Л., к.ф.н., ЕНУ им. Л.Н. Гумилева

Нуркенова С.С., к.ф.н., ЕНУ им. Л.Н. Гумилева

Технологии перевода, сравнительное литературоведение и языкознание в зеркале научного наследия Ахмета Байтурсынова. Сборник трудов международной научно-практической конференции. - Астана: ИП «Булатов А.Ж.», 2022. - 170 с.

ISBN 978-601-326-670-1

В сборнике представлены тексты докладов участников одноименной международной научно-практической конференции, проведенной кафедрой иностранной филологии ЕНУ им. Гумилева и посвященной 150-летию Ахмета Байтурсынова. Разносторонность научного наследия великого казахского ученого обусловила представленную тематику включенных в сборник текстов на казахском, русском и английском языках.

Конференция проведена в рамках проектно-целевого финансирования МОН РК «Научные основы модернизации системы образования и науки» (2021-2023, Рег. №OR 11465474) совместно с НАО имени Ыбырая Алтынсарина.

Тексты не подлежали правке и размещены в авторской редакции и стилистике.

УДК 80/81

ББК 81.2

ISBN 978-601-326-670-1

© ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, 2022

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ХАЛҚЫ БАЛАЛАР ФОЛЬКЛОРЫ ЖАНРЛАРЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

А.Ж.Искакова

Л.Н.Гумилев ат. ЕҰУ докторанты
Астана

Аңдатпа: Автор мақалада балалар фольклоры ұғымына жан-жақты талдау жасап, оның қалыптасуына тоқталады. Ағылшын және қазақ балалар фольклорын салыстыра отырып, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын келтіреді. Сондай-ақ, білім алушы балалар фольклорының қалыптасуы, жинақталуы мен зерттелуіндегі пікірлерге тоқталып, өзіндік тұжырымдарын жасайды. Жұмыстан балалар фольклорының ерекшеліктеріне қарай жанрлық түрлерге жіктеу, олардың сипаттамасы туралы кеңінен ақпарат алуға болады.

Халық ауыз әдебиетінің озық үлгісінің бала тәрбиесіндегі маңыздылығы айтылады. Балалар фольклорының рухани, ұлттық тәрбие беру бағытында алатын орны айшықталып, болашақ ұрпақты жаңа қоғам мүддесіне лайықты жан-жақты дамыған парасатты адам ретінде қалыптастыруда ауыз әдебиетімен сусындатып отыру мәселесі көтерілген.

Түйін сөздер: Балалар фольклоры, жанр, мақал-мәтел, жаңылтпаш, ертегі, өлең, санамақ, бесік жыры.

Аннотация: В статье автор подробно анализирует понятие детского фольклора, останавливается на его формировании. Сравнивая английский и казахский детский фольклор, он (она) приводит сходства и различия. Автор также делает собственные выводы, останавливаясь на мнениях в становлении, обобщении и изучении детского фольклора. Из работы можно получить обширную информацию о классификации детского фольклора по жанровым видам, их характеристике в зависимости от особенностей.

Подчеркивается важность передового образца устного народного творчества в воспитании детей. Подчеркнута роль детского фольклора в духовном, национальном воспитании, поднята проблема приобщения к устной литературе будущего поколения как всесторонне развитого интеллигентного человека, достойного интересов нового общества.

Ключевые слова: Детский фольклор, жанр, пословица, скороговорка, сказка, стихотворение, считалка, колыбельная песня.

Annotation: In the article, the author analyzes the concept of children's folklore in detail, dwells on its formation. She shows similarities and differences of English and Kazakh children's folklore comparing. The author also draws his own conclusions, dwelling on opinions in the formation, generalization and study of children's folklore. From the work, you can get extensive information about the classification of children's folklore by genre, their characteristics, depending on the characteristics.

The importance of an advanced model of oral folk art in the upbringing of children is emphasized. The role of children's folklore is emphasized in spiritual, national education, the problem of familiarizing the future generation with oral literature as a comprehensively developed intelligent person, worthy of the interests of the new society is raised in the work.

Keywords: Children's folklore, genre, proverb, tongue twister, fairy tale, poem, counting rhymes, lullaby.

Балалар фольклоры - фольклордың ең ауқымды саласы. Балалар фольклорын ұлттық дәстүрдің мәнмәтінінде жеткізетін болсақ, онда балалар фольклорының да өзіне тән ерекшеліктері мен маңызы бар. Балалар фольклоры фольклортану сөзінің мәнінде аңыз, жыр айтушыны білдірмейді. Фольклор мәтіннің орындалуын ғана емес, сонымен қатар оның шығарылуы мен баланың ойынға көзқарасы мен қызығушылығын анықтайды. Фольклорлық шығармалардың баланың есінде қаншалықты, қалай сақталып қалатынын ғана емес, оның ойынға қаншалықты белсенді екенін анықтайды.

Фольклор - (ағыл.folklore халық білімі, халық даналығы) халықтың поэтикалық шығармашылығы, халық поэзиясы, халық ауыз әдебиеті сияқты бір немесе бірнеше халық шығармашылығының жиынтығы. Фольклор терминін 1846 жылы ағылшын археологы У.Дж.Томпсон енгізген. Ал 1878 жылы ағылшындардың арасында ресми түрде термин болып

калыптасты. Ең алдымен фольклор ұғымы ғылымға сәйкес зерттеу тақырыбы болған. Заманауи тарихнамада фольклордың теориясы мен тарихын, түрлерін, басқа да ғылымдармен байланысын зерттейтіндерді фольклорист деп атайды. Фольклорға халық шығармашылығы, яғни аңыздар, ертегілер, қиссалар, мақал-мәтелдер, жаңылтпаштар, жұмбақтар және т.б. жатады.

Балалар фольклорын зерттеп, соның дамуына үлес қосқан ғалым, жазушылардың ішінен Ы.Алтынсаринді, А.Құнанбайұлын, А.Байтұрсыновты және көрнекті ғалым, саяхатшы Ш.Уалихановты айтуға болады.

Қазақ және ағылшын халықтарының балалар фольклоры мен олардың халық шығармашылығы жайында мәліметтер жинап, талдау жасадық. Қазақ және ағылшын халықтарының балалар фольклорын зерттеуде анықтағанымыз - екі халықтың да фольклорының балалар жанрында екендігі. Ендеше балалар фольклорының кей жанрларының ағылшын және қазақ тілдеріндегі ерекшеліктеріне тоқталып көрелік.

Ағылшын балалар әдебиетінде ерте заманнан келе жатқан, халықтың шебер тілінен қиыстырған көркем ойлары - мақал-мәтелдері. Мақал-мәтелдер баланы адамгершілікке, инабаттылыққа, ынтымақтастыққа үйретеді.

Мәселен, «Actions speak louder than words», «Better late than never», «Don't judge a book by its cover», «Knowledge is power», «Two heads are better than one» мақалдары оқырмандарын көп сөйлемей, іспен көрсетуге, ештен кеш жақсы, түріне қарап емес, ісіне қарап баға беру, білімнің құдыреттілігі, бір бастан екеу жақсы екендігін көрсетуге, жақсыдан үйреніп, жаманнан жиренуге тәрбиелейді.

Ағылшын балалар фольклоры ішінде жұмбақтар үлкен рөл атқарады. Жұмбақтар балаларды тапқырлыққа, байқампаздыққа, ұшқырлыққа тәрбиелейді.

Ағылшын жұмбақтары көбіне сипаттауға бейім, ұйқасқа аса мән берілмейді. Мысалы, I'm tall when I'm young, and I'm short when I'm old. What am I? (A candle) There was a greenhouse and inside the greenhouse, there was a white house. Inside the white house, there was a red house. Inside the red house, there were lots of babies. What is it? (A watermelon) You can drop me from the tallest building, and I'll be fine. But if you drop me in the water, I die. What am I? (Paper) жұмбақтарында What am I? сауалымен аяқталып отырады.

Ал жаңылтпаштар баланың дұрыс сөйлеуіне, тілін жаттықтыруға бейімдейді. Жаңылтпаштар арқылы жекелей дыбыстарды дұрыс айтуға үйренеді.

Р дыбысын дұрыс айту үшін

Peter Piper picked a peck of pickled peppers

A peck of pickled peppers Peter Piper picked

If Peter Piper picked a peck of pickled peppers

Where's the peck of pickled peppers Peter Piper picked?

жаңылтпашы, b дыбысын үйренуге

Betty Botter bought some butter

But she said the butter's bitter

If I put it in my batter, it will make my batter bitter

But a bit of better butter will make my batter better

So 'twas better Betty Botter bought a bit of better butter жаңылтпашы, n дыбысын дұрыс айтып үйренуде:

Nine nice night nurses nursing nicely жаңылтпаштарын айтып, тілді жаттықтыруға болады.

Британияда ертегілерді жинақтау күрделі тарихи кезеңге сәйкес келді. Себебі, христиан дүниетанымы басталды. Ертегі кейіпкерлері, жауыздар, аңыз адамдар, сиқыршылар, мейірімді жандар, періштелер, ойдан шығарылған аңдар, су перілері халық арасында кеңінен танымал болды. Ағылшын халық ертегілерінде жауыздарға қарсы күш иелерін алып батырлар, мейірімді жануаралар, жай шаруалар және құдайлар кейпінде береді. Мәселен, ағылшын халық ертегілерінде адам жегіштерге, қара күштерге қарсы айқасатын кейіпкер - шаруа ұлы Джек. Джек батыл, қайсар, еңбекқор болғандықтан, халық батыр атап кеткен. "Adventures of Jack the Giant - Killer" ертегісінде Джек өз елінің азаттығы жолында күрескен революционерге айналады. Сондай-ақ, "Molly Whuppie" ертегісіндегі адам жегіштерді алдаған Молли қыз және "Jack and the Beanstalk" ертегісіндегі Джек өздерінің жақындарына, достарына өз ерлігімен бақыт, қуаныш

сыйлады. Ағылшын ертегілерінің кейбірінде кіл батырлар етіп көрсетпей, шық бермес Шығайбай кейпіндегі капиталистер ретінде де танытады.

Ал балаларға арналған өлең-тақпақтарда ұқсастықтары мен айырмашылықтары да жетіп артылады. Қазақ және ағылшын балалар фольклорындағы өлең-тақпақтардың ұқсастықтарының бірі ол балаға тәрбие беру және баланы қоршаған ортамен, табиғатпен, жан-жануарлармен, елімен, отанымен, туған жерімен, аң-құстармен таныстыру болып келеді. Айырмашылығы мен ерекшеліктері өлеңнің мазмұнында болып табылады. Мәселен, қазақ халқының балаларға арналған өлеңдерінің негізгі мақсаты баланы ең әуелі дұрыс бағытта, өтірік айтпай, ұрлық жасамауға тәрбиелесе, ағылшын халқының балаларға арналған өлең-тақпақтарында көңіл баланың өз-өзіне сенімді, еш қиындықтан қорықпай, сол қиындықты жеңе алатындай күшті болуына бөлінеді, сондай-ақ, баланы қоршаған ортасымен, жан-жануар, құс атауларымен таныстыру - ең бірінші мақсат.

Ағылшын халқы балаларына діннің негізінде тәрбие беруге тырысқан. Оны біз кез келген бесік жырынан не өлең-жолдарынан көреміз. Себебі, онда “Jesus”, “Solomon”, “Abraham”, “Adam and Eve” секілді діни есімдер мен “God bless you”, “Angels” сияқты сөздерден байқауға болады.

О.И.Капица: «Балалар фольклорында жаңа шығарылған сөздер кәдімгі тұрмыстағы сөздер рамкасынан шығып, жан жақты, әртүрлі түрде өрленіп, дамиды. Бірақ осы ерекшелігіне қарамастан, олар бәріне айтарлықтай түсінікті қалыпта болады» деп тұжырым жасаған. Балалар фольклорының жанрларында ұйқас немесе рифма кеңінен қолданылады. Мысалы, ағылшын тіліндегі “During the spring” тақпағын алайық: «During the Spring, it often showers. Or the sun shines for many hours. Both are good for the flowers!». Бұл жердегі “showers”, “hours”, “flowers” деген сөздердің рифмалық тұрғыдан бір-біріне өте ұйқасып тұрғанын байқауға болады. Мұндағы себепте кішкентай балалардың тақпақтарды тілі күрмеленбей, қиналмай жаттап алуын қамтамасыз етуінде. Осындай ұйқас сөздер арқылы балаларды жалықтырып жібермей, осылайша олардың оқу білімге деген қызығушылығын оятуға немесе арттыруға болады.

Екі халықта да тек мынадай тәрбие немесе мотивация, күш беретін өлеңдер ғана емес, сондай-ақ қызықты өлеңдерді де көптеп кездестіруге болады. «Тымақ пен құлақ» және «Caution» өлеңдері осыған куә. «Тымақ пен құлақ» өлеңінде: «...түсіп қалмасын құлағың...» деген өлең жолдары екі мағынада айтылып тұр. Біріншісі тура мағынасында құлағын үсіртіп алмас үшін тымағын тастамау керек екенін айтса, екінші мағынасында «...Құлағы жоқ мына кім? деп жүрмесін мұғалім.» дегені, құлақтың болуы, яғни мұғалімді мұқият тыңдап, жақсы бала болу керек екенін білдіріп отыр. Ал «Caution» өлеңін алатын болсақ, «...Mother, may I go out to swim? Yes, my darling daughter,» қызы анасынан суға баруға рұқсат сұрап тұр және анасы қызға суға баруға рұқсатын береді. Ал келесі өлең жолында: «...Hang your clothes on a hickory tree; But don't go near the water.» деген сөздерді кездестіруге болады. Бұл жерде өздеріңіз байқағандай рұқсат бере тұра, суға жақындамауын сұрайды.

Қазақ халқының өлеңдері де балаларды әдептілікке, ата-анаға деген сүйіспеншілікке, үлкендерге және мұғалімдерге деген құрметке тәрбиелейді. Сонымен қатар халқымызда әртүрлі мерекелер, жануарлар, жыл-мезгілдері, баланың ойнайтын ойыншығы жайында да өлеңдер кездеседі. Мысалы: «Бақа, бақа, балпақ», «Айгөлек», «Ойыншығым», «Мұғалім», «Анашым», «Әдептілік» және т.б.

Ағылшын халқының тақпақтарында баланы тәрбиелеу, оған дұрыс бағыт-бағдар беру ниеті жатқанын және де ата-анаға, отбасына деген сүйіспеншілігін оятуға арналған тақпақ жолдарын байқауға болады. Мысалға алатын болсақ, «This is a family», «Little turtle», «Four Seasons» және т.б. көптеген тақпақтар бар. Ағылшын тіліндегі тақпақтар кішкентай балаларына дұрыс емес етістіктердің түрлерін, жалғаудың бірнеше түрін үйретуді, сөз қорын дамытуын қамтамасыз етеді.

Санамақ-сан алуан ұлттық ойындар ерте дәуірден бастап - ақ қоғамдық құбылыс ретінде баланың ақыл-ойын дамытуда, баланың бойына адамгершілік, кішіге көмек, үлкенге құрмет көрсету секілді жақсы қасиеттерді тәрбиелеуде орны ерекше.

Қазақ, ағылшын тілдеріндегі санамақта кішкентай бала тек санап қана қоймай, алфавитті де, жыл мезгілдерін, тіпті саусақтарын санауды үйренеді. Және бұл екі тілдің санамағының құрылымында да біз ұқсастықтар мен айырмашылықтар таба аламыз. Соған куә атақты «Саусақ санау», «Қуырмаш», «Family fingers», «One for sorrow» деген санамақтарды мысалға алсақ

болады. «...Бір дегенің білеу, Екі дегенің егеу, Үш дегенің үскі, Төрт дегенің төсек, Бес дегенің бесік, Алты дегенің асық, Жеті дегенің желке, Сегіз дегенің серке, Тоғыз дегенің торқа, Он дегенің оймақ, Он бір қара жұмбақ.» деген санамақтың өлең жолдарында кішкентай балаларға түсініксіз “білеу”, “егеу”, “серке”, “торқа”, “үскі” деген мысал сөздерді кездестіруге болады. Бұл сөздердің санамақта кездесуінің мақсаты-біріншіден, сөздер дыбысталу жағынан бір-бірімен үйкеседі, екіншіден, балаларға да айтылу жағынан қиындық тудыра қоймайды. Осылайша жеңіл дыбысталудың арқасында кішкентай балалардың тілі дамып, олар санауды және де жаңа сөздерді үйренеді.

Бесік жыры - тұрмыс-салт жырларының көне түрінің бірі. Әлемде бесік жырын айтпайтын халық жоқ. Бесік жырында халықтың төл тарихының, дәстүрлі мәдениетінің, ежелгі наным-сенімінің, дүниетанымының көрінісі бар.

Қазақ халқының барлық дерлік бесік жыры «...Әлди әлди, ақ бөпем, Ақ бесікке жат, бөпем...» - нен басталып, әрі қарай әр бесік жыр мазмұнына, айтылу мақсаты мен тақырыбына байланысты әртүрлі болып өзгертіле береді. Мысалға, кейбір бесік жырлар баланы жұбатуға негізделсе, кейбіреулері ата-ананың тілек, арманын білдіреді.

Ағылшын халқының бесік жырларының құрылымы да, мазмұны да әртүрлі. Бесік жырдың барлығы дерлік дінге негізделіп құрылған. «Twinkle, twinkle little star» бесік жырын алатын болсақ, жұлдыз Иисус туылғанда жанатынын айтып тұр. Ал келесі «This Little Light of Mine» бесік жырында да

«...Jesus gave it to me, I'm gonna let it shine» деген жолдарда Иисус жарық беруші ретінде көрсетіп тұр. «Moon Lullaby» бесік жырында «God», яғни Құдай, «angels» періштелер деген сөздер жолғады. Міне, осылайша баланы бесіктен бастап ата-бабасының дінін, рухани көзқарасын қалыптастыруға тырысқан.

Қазақ және ағылшын халықтары фольклорының салыстырмалы түрдегі ұқсастығы мен ерекшелігі, еліміздің Рухани жаңғыру саяси бағдарламасы, балалар тәрбиесі, халық өлеңдері мен тақпақтары секілді басқа да балаларға арналған ауызша жанрларды дамыту тақырыптың өзектілігін арттыра түседі. Оны насихаттау жас буынның бойында ана тіліне деген сүйіспеншілік, патриотизм сезімдерін қалыптастыратыны анық.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақ әдебиеті: оқушы анықтамасы. 5-11 сыныптар, «Арман» баспасы 2005.-317 б.
2. Парахина А.В, Базилевич В.Г.. «Познакомьтесь – Великобритания и США: Пособие по обучению чтению на английском языке»: Учеб. пособие для сред. спец. учеб. заведений.-М: Высш. Шк., 1988-144 стр.
3. Я познаю мир. Страны и народы: Европа. Уроки литературы: Энциклопедия./ С.В. Волков; Художник Н.Е. Щербаков.- М.: ООО «Издательство АСТ», 2003.-396 стр.
4. Английская поэзия в русских переводах. 14-19 вв. – Москва, Прогресс, 1981.- 156 с.
5. Современный Казахский фольклор (Жанрово-структурный анализ). Нысанбек Турекулов. Алма-ата, « Мектеп». – 1982.
6. Колыбель искусства. С. Каскабаев. Алма-ата,- « Өнер».- 1992.- 364 стр.
7. Электрондық ресурсы: <https://infourok.ru/referat-zhanri-detskogo-folkloradoshkolniy-vozrast-700126.html>
8. Бесік жыры: «Даналық әліппесі» оқу-тәрбие кешені / Жоба авторы: Н. Құдайбергенұлы. – Астана: «Interactiv Kazakhstan», 2012. – 50 б.
9. Электрондық ресурсы: <https://nsportal.ru/ap/library/drugoe/2018/01/10/individualnyy-tvorcheskiy-proekt-po-teme-angliyskiy-folklor>
10. Кондыбай С. Казахская мифология. Краткий словарь. Алматы: Издательство «Нурлы Алем», 2005,- 272 с.
11. Турсунов Е.Д. Генезис казахской бытовой сказки (В аспекте связи с первобытным фольклором). – Издание второе, исправленное и дополненное. Алматы: Дайк-Пресс, 2004. – 192 с.
12. Турсунов Е.Д. Истоки тюркского фольклора. Қорқыт. – Алматы: Дайк-Пресс, 2001. – 1